

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

14 қараша 2024 жыл

№: AIFC-C/SCC/2024/0024 ic

ӘЙТЕНОВ АЗАМАТ АМАНГЕЛДІҰЛЫ

Талапкер

қарсы

PROJECT SI SPC LTD

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Патрисия Эдвардс

БҰЙРЫҚ

2024 жылғы 11 шілдедегі талап қою бойынша іс жүргізу басталғаннан КЕЙІН;
2024 жылғы 26 тамыздағы Бұйрық шығарылғаннан КЕЙІН;
және екі тарап та қосымша ақпарат бергеннен КЕЙІН;
БҰЙЫРЫЛАДЫ:

1. Жауапкер Талапкерге 2024 жылғы 22 қарашада Астана қ. уақыты бойынша сағат 16:00-ге дейін 3 717 000 теңге мөлшерінде соманы төлеуі тиіс.
2. Шығындар туралы бұйрық шығарылмайды.

ШЕШІМ

1. Талапкер мен Жауапкер «No SI-002/001 «Project SI» инвестициялық жобасын іске асыру туралы шарт» деп аталатын 2022 жылғы 25 шілдедегі Шартты («Шарт») жасасты.
2. Шарттың тиісті ережелері төмендегілерді қамтиды:

«1.2 SPC Инвестор салған ақшалай қаражатты жылжымайтын мүлікке инвестициялауға міндеттенеді.

1.3 Инвестор Инвестициялық жобаға осы Шарттың 2.1-тармағына сәйкес мөлшердегі инвестицияларды осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде енгізуге міндеттенеді.

1.4 Инвестициялық жобаны іске асыру мерзімдері: осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап 8 ай.

...

2.1 Инвестор Инвестициялық жобаны Инвестор объектілері бөлігінде осы Шартты жасасу сәтінде 11 000 000 (он бір миллион) теңге құрайтын сомада меншікті және/немесе тартылған қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етеді, бұл Инвестициялық жобаға жалпы инвестиция сомасының 25%-ын құрайды.

...

2.2 Инвестициялар сомасы уақтылы берілмеген немесе берілмеген, сондай-ақ Инвестициялар сомасы осы Шарттың 2.1-тармағында белгіленгеннен аз мөлшерде берілген жағдайда, SPC Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 724 бабына сәйкес, Инвестициялардың сомасын ол іс жүзінде алмағанын немесе осы Шартта көрсетілгеннен аз мөлшерде алғанын дәлелдей отырып, белгіленген тәртіппен Инвестициялар шартын даулауға құқылы.

2.3 SPC Инвестициялық жобаны іске асыру мерзімінің алтыншы айынан сегізінші айына дейінгі кезеңде Инвестициялар сомасын 2.1-тармақта көрсетілген мөлшерде қайтаруға кепілдік береді.

...

4.2 Шартты орындау кезінде SPC міндетті:

4.2.1 осы Шарттың 2.3-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін. Инвестициялар

сомасын осы Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде қайтару

...

4.3 Алынған Инвестициялар сомасын қайтаруды SPC мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

4.3.1 Осы Шарттың 1.4-тармағында көрсетілген Инвестициялар мерзімі өткеннен кейін 3 (үш) банктік күннен кешіктірмей, SPC Инвестициялар сомасын Инвестордың осы Шартта белгіленген шотына аударуға міндетті.»

3. Юрисдикцияға келетін болсақ, Тараптар дауларды АХҚО сотында шешуге келісті:

«5.2 «Осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар АХҚО-ның 20.12.2017 жылғы №3 «Келісімшарттар туралы» қағидаларына сәйкес жауапкершілікте болады.

...

8.1 Осы Шарт және одан туындайтын барлық құқықтық қатынастар АХҚО-ның қолданыстағы қағидаларымен реттеледі.

...

8.3 Дауларды Тараптар арасында келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, дауларды шешу үшін Тараптар «Келісімшарттар туралы» АХҚО қағидаларының 7-тармағының 2-бөлігіне сәйкес АХҚО сотына жүгінуге міндетті.»

4. Талапкер 11 000 000 теңге талап етеді. Бұл шамамен 22 315 АҚШ долларына тең. Бұл сома 150 000 АҚШ долларынан аз болғандықтан, АХҚО соты қағидаларының 28.1(1) ережесіне сәйкес талап қоюды Ұсақ даулар сотында қарау орынды.

5. Шарттың 1.3-тармағына сәйкес Талапкер Шартқа қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде 11 000 000 теңге инвестициялауға міндеттенді. Талап арыз нысанының 13-тармағына сәйкес, Талапкер бұл соманы толық көлемде төледі. Бұл мыналарға қатысты:

«3 540 000 теңге теңге сомасына 29.07.2022ж. № СМТ000000697830 төлем тапсырмасы, 7 441 000 теңге жалпы сомасына «Қазақстан Халық банкі» АҚ-тың 10.02.2024 жылғы шоты бойынша үзінді көшірмесі «.

6. Талапкер Шарт бойынша қарыз сомаларын төлегенін, алайда Жауапкер Шартты бұзып, оларды белгіленген мерзімде қайтармағанын мәлімдейді. 2023 жылғы 27 қазанда Талапкер Жауапкерге хат жазып, инвестицияны қайтаруды талап еткен, ал оның айтуынша, ол 2023 жылғы сәуірге қарай қайтарылуға тиіс болған. 4.3 және 1.4-тармақтарға сәйкес, инвестиция сегіз айлық мерзім өткеннен кейін қайтарылуға тиіс еді.

7. Талап-арызға қоса берілген тиісті қаржылық құжаттар:

(1) Жауапкерге 1 664 000 теңге сомасына 2022 жылғы 15 ақпандағы СМТ000000562628 төлем тапсырмасы, ол «2022 жылғы 11 ақпандағы № SI-001/017 Шарт бойынша төлем» деп белгіленген.

- (2) 3 540 000 теңге сомасына 2022 жылғы 29 шілдедегі CMT000000697830 төлем тапсырмасы, «2022 жылғы 25 шілдедегі «SI жобасы» инвестициялық жобасын іске асыруға № SI-002/001 Шарт бойынша төлем» деп белгіленген, яғни Келісім.
- (3) 2021 жылғы 2 қарашада Жауапкерге 5 776 000 теңге сомада қаражат аударылғанын көрсететін банктен алынған үзінді көшірме. Транзакция нақтылықтарында «2021 жылғы 28 қазандағы SI-001/001 шарты бойынша төлем» мақсаты көрсетілген.
- (4) 2022 жылғы 15 ақпандағы төлем (жоғарыдағы 1-тармақша) де банктен алынған сол үзінді көшірмеде сол SI-001/017 шарт нөмірімен көрсетілген.
8. Осы құжаттармен расталған Шарт бойынша жалғыз төлем - жоғарыда көрсетілген екінші тармақшадағы, 2022 жылғы 29 шілдедегі 3 540 000 теңге сомасындағы төлем.
9. Талап-арызға жауап ретінде Қорғану құжаты ұсынылған жоқ.
10. 2024 жылғы 26 тамыздағы бұйрықпен мен тараптарға іс бойынша қосымша ақпарат беру үшін, сондай-ақ өздері сүйенуді көздейтін кез келген қосымша құжаттарды немесе куәгерлік айғақтарды ұсыну және басқа тарапқа табыстау үшін 2024 жылғы 6 қыркүйекке дейін мерзім бердім. Сондай-ақ ұсынылған құжаттардан Шарт бойынша нақты қандай сома аударылғаны түсініксіз екенін атап өттім, өйткені кейбір дәлелдер өзге шарттар бойынша жасалған аударымдарды көрсететін сияқты болды.
11. Тараптарға Бұйрыққа қатысты түсініктеме беруге мүмкіндік берілмегендіктен, онда АХҚО Соты Ережелерінің 3.8-ережесіне сәйкес тараптар Бұйрық табысталған күннен бастап 7 күн ішінде оның күшін жою, оны өзгерту немесе тоқтата тұру туралы өтініш бере алатыны көрсетілді.
12. Жауап ретінде Талапкер қосымша түсініктемелер мен түрлі құжаттар тапсырды. Олардың арасында бірнеше қосымша шарттар бар, бірақ олар бойынша талап мәлімделмеген. Сондай-ақ бірнеше төлем тапсырмалары ұсынылды, алайда олар жоғарыда көрсетілген төлемдерден бөлек жаңа төлемдерді растамайды.
13. Жауапкер 2024 жылғы 5 қыркүйектегі қысқа құжатты тапсырды, онда былай деп көрсетілген:
- «Талапкер арызда баяндаған дәлелдердің дәрменсіздігіне байланысты АХҚО сотының 2024 жылғы № 24 іс бойынша № 1 бұйрығының күшін жоюды сұраймын. Әйтенов А. А. көрсеткен 11 000 000 миллион теңге мөлшеріндегі сома SI-002/001 шарты бойынша аударылмаған».*
14. Жауапкер бірінші бұйрықтың күшін жоюды сұраған бөлігіне қатысты, бұл өтініш Бұйрықта белгіленген мерзім өткеннен кейін берілген және, кез келген жағдайда, дәлелді негіздемелермен расталмаған. Іс жүзінде Жауапкер келтірген себептер оның Талап-арызға қатысты қорғаныс уәжіне келіп саяды: Келісімде көрсетілген сома Талапкер тарапынан іс жүзінде төленбеген.
15. Осы істе берілген және жоғарыда аталған құжаттардың негізінде Талапкер Жауапкерге 3 540 000 теңге аударылғанын ғана дәлелдеді. Сегіз айлық келісімшарттық мерзім аяқталғандықтан, Жауапкер бұл соманы Талапкерге қайтаруға міндетті деп санаймын.
16. Дау компанияны оның иесі Арман Баев фикция ретінде пайдаланған деген негізде корпоративтік бүркеуді алып тастау мүмкіндігі туралы мәселені көтереді. Арман Баев Жауапкерді жеке мақсаттарында қаражат жинау үшін пайдаланды, ал содан кейін кредиторлар

алдындағы жауапкершіліктен құтылу үшін компанияны бүркеме ретінде пайдаланды деп топшыланады.

17. Бұған қысқаша жауап мынандай: талап тек Жауапкерге қойылған, ал Арман Баев бұл талқылауда тарап болып табылмайды. Қалай болғанда да, корпоративтік бүркеу қатаң шектеулі мән-жайларда ғана, атап айтқанда, адамның қолданыстағы заңгерлік міндеттемесі болғанда немесе ол саналы түрде қашқақтайтын немесе компанияны өз бақылауына енгізіп, орындауы әдейі кедергі келтіретін шектеу болған кезде алынып тастала алады (Ұлыбритания Жоғарғы сотының Prest қарсы Petrodel Resources Limited & others ісіндегі шешімін қараңыз [2013] UKSC 34).
18. Талапкер Gilford Motor Co Ltd компаниясының Хорнға қарсы ісіне [1933] Ch 935 сілтеме жасады. Ол істе Хорн мырза Gilford Motor Co компаниясының басқарушы директоры болған және оның еңбек шарты белгілі бір географиялық аймақта еңбек шарты аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде бәсекелес бизнеспен айналысуға тыйым салған. Кейін ол бұл шектеуді бұзғаны үшін жеке жауапкершілікке тартылмай, бизнесті өз бақылауында жүргізу мақсатында компания құрған. Сот ол компанияны Хорн мырзаның іс-әрекеттері үшін «құр бүркеніш» немесе «фикция» деп таныды және Хорн мырза компанияны өзінің жеке шарттық шектеуін айналып өту үшін пайдаланғанын анықтады. Ал осы істе Баев мырзаның бұрыннан бар қандай да бір міндеттемеден қасақана жалтарғанын растайтын дәлелдер жоқ. Келісім бастапқыда Жауапкермен жасалған.
19. Келісімде өсімпұл туралы ереже де бар:
 - «5.4 Төлем 30 күнге дейін кешіктірілген жағдайда, SPC Инвесторға әрбір кешіктірілген күн үшін кешіктірілген төлем сомасының 0.5 %-ы (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлейді;
 - 5.5 Төлем 30-дан 90 күнге дейін кешіктірілген жағдайда, SPC Инвесторға әрбір кешіктірілген күн үшін кешіктірілген төлем сомасының 0.5 %-ы (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде өсімпұлды Инвестиция сомасының 5%-ы (бес пайыз) мөлшерінде біржолғы айыппұл есептеумен қоса төлейді ...
 - 5.6 Инвестициялардың негізгі сомасын уақтылы қайтармағаны үшін SPC Инвесторға мерзімі өткен әрбір күн үшін Инвестиция сомасының 0.5 %-ы (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлейді.»
20. Талапкер сондай-ақ 5% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етеді, бұл 550 000 теңгені құрайды. Алайда, мен бұл істе тек 3 540 000 теңге көлеміндегі инвестиция дәлелденгенін анықтадым. Бұл соманың 5%-ы 177 000 теңге құрайды, оны Жауапкер төлеуге жатады.
21. Талап-арыз нысанында Жауапкер мен Баев мырзаның ақша қаражаттарының қозғалысын тоқтата тұру туралы айтылады, бірақ активтерге тыйым салу туралы арыз берілмеген. Егер Жауапкер осы шешімде ұйғарылған соманы төлемесе, Талапкер мұны орындатуды белгіленген тәртіппен жүзеге асыра алады.
22. Тиісінше, Жауапкер Талапкерге 3 540 000 теңге сомасын қайтаруға және 177 000 теңге мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.
23. Шығындар туралы бұйрық шығарылмайды



Ұсақ даулар соты қабылдады,

Патрисия Эдвардс,
Судья, АХҚО Ұсақ даулар соты

Өкілдік:

Талапкердің атынан Дайырбеков Рауан мырза өкілдік етті, «Redbrick» заңгерлік фирмасы» ЖШС, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, және Дайырбеков Нұржан мырза, «Redbrick» заңгерлік фирмасы» ЖШС, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, өкілдік етті.

Жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.